

мен қаншама шырылдаған балапандардың өмірінің ойран болуы. Ол дегеніміз болашағы кемел еліміздің жетілуіне титтей болмасын зиянын тигізбей қоймайды. Ажырасқан адам өзінің ғана өмірін құртып қана қоймай, қаншама адамның тағдырын шешеді десек те қателеспейміз. Сондықтан, біз жастар отбасын құруда қателеспей, болашақ бүгіннен басталарына аса назар аударып қарайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. Нельсон-Джоунс Р. Теория и практика консультирования. Глава 1.– СПб: «Питер», 2000.
2. <http://group-global.org/ru/publication/49752-kazakstan-halkynyn-neke-zhagdayy>
3. <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-otbasy/ajyrasudyn-aldyn-alu-joldary-347/#gsc.tab=0>
4. Толоконин А. Секреты успешных семей. ISBN: 978-5-9684-2289-7. «Вектор», ст 192., 2015.
5. <http://www.qamshy.kz/article/neke-zhane-otbasi-azhiraswdinh-sebepteri-men-oni-aldin-alw.html>

МЕКТЕП ПЕН ЖАНҰЯ БІРЛІГІ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Шалгимбекова Алия Батырхановна
педагогика кафедрасының аға оқытушысы,
Жамал Жанар Жақсылыққызы,
Қуанышбек Назым Бауыржанқызы,
ҚМПИ, ПжП мамандығы 3 курс
Қостанай қ.

Аннотация

Аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін меңгерту, жастардың бос уақытын, демалысын тиімді ұйымдастыру, өздері қалаған шығармашылық жұмыстармен айналысуға барынша қолдау көрсетіп, жағдайлар тудызу, тәрбиешілердің білім дәрежелері мен шеберліктерін үнемі жетілдіріп отыру. Осы мәселелерді өскелең өмір талабына сай ұйымдастыру, жас ұрпақты үйлесімді етіп тәрбиелеудің негізі бұл мақалада болмақ.

Аннотация

В этой статье рассматриваются проблемы взаимодействия семьи и школы в воспитании подрастающего поколения, организации свободного времени молодежи, создание условий, поддержка и развитие их творческого потенциала, повышение квалификации и мастерства педагогов во взаимодействии с семьей.

Abstract

The article deals with problems of relationship between family and school at the upbringing of growing generation and using free time of the youth and also creating conditions, support and development of their creative potential, raising qualification and skills of the teachers in relationship with the family.

Түйінді сөздер: Мектеп және отбасылық байланыс, ата-аналар және балалар, ата-аналарды азарту, басшылықтың жауапкершілігі, үшжақты арақатынас байланысы: ата-аналар, мектеп және оқушылар.

Ключевые слова: школьные и семейные отношения, родители и дети, просвещение родителей, ответственность руководителя, тройной союз: родители, школа и ученики

Keywords: school and family relations, parents and children, education of the parents, responsibility of leader, triple alliance: parents, school and pupils

Ұлттық білім беру жүйесін отбасының білім беру үдерісіне белсенді қатысуынсыз жаңғырту мүмкін емес. Бүгінгі таңда жас буынды тәрбиелеуде отбасының әлеуметтік міндеті артып отыр. Себебі отбасы жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттестігінің негізгі құралы болып табылады. Ол – бала тәрбиесіндегі ең алғашқы әрі басты тәрбие субъектісі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында: «...Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан

дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Бүгіннен бастап, ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» деген болатын [1].

Өскелең ұрпақтың рухани жан-дүниесін білім нәрімен сусындатып, халқының ерте заманнан жинақталған асыл мұрасымен байытып, ұлттық дәстүрлердің озық үлгілерін санасына сіңіріп, Абайша сөйлесек, «көкірек көзін оята тәрбиелеу» - ата-анадан басталып, мектепте жалғасып, бүкіл қоғам болып атсалысатын жауапты міндеттердің ең бастысы. Осы тұста Мағжан Жұмабаев былай дейді: «Әрбір ел келешегіне қызмет етуге негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебінде салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысқан нәрсе. Бұл – ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Тарихты аз ғана болса да ақтарған кісі мұны біледі. Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» [2].

Балаларды тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру үшін оған әлеуметтік те, сондай-ақ белгілі бір материалдық та жағдайлар жасау қажет. Ол үшін: халыққа білім беру жүйесін үнемі жетілдіріп, дамытып отыру, оқу – тәрбие беретін мекемелердің материалдық-техникалық базасын үнемі жақсартып отыру, күндізгі және сырттай оқу орындарының жүйесі арқылы, өздігінен білім алу жолымен де жастардың білім алуы үшін кең мүмкіндіктер беру, мәдени – ағарту мекемелерінің жүйесін құру: клубтар, мәдениет сарайлары, кітапханалар, лекторийлар т.б. ұтымды ұйымдастыру, жастардың денсаулығына қамқорлық жасау, олардың жаппай дене тәрбиесімен күн сайын айналысуын насихаттау, мүмкіншілік жасау, спорт секцияларын ұйымдастырып, спорт залдарын қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, халықтың әл – ауқатын, тұрмыс – жағдайын, материалдық ахуалын жақсарту, тәрбие процесінде халықтық педагогиканы кеңінен пайдалану. Аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін меңгерту, жастардың бос уақытын, демалысын тиімді ұйымдастыру, өздері қалаған шығармашылық жұмыстармен айналысуға барынша қолдау көрсетіп, жағдайлар туғызу, тәрбиешілердің білім дәрежелері мен шеберліктерін үнемі жетілдіріп отыру қажет. Осы мәселелерді өскелең өмір талабына сай ұйымдастыру, жас ұрпақты үйлесімді етіп тәрбиелеудің негізі болмақ.

Мектеп өмірінде мұғалім - басты тұлға. Мектеп мұғалімі балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен бірге оларды тәрбиелейді. Ол белгілі бір сыныпта оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырушы әрі ұстазы, ақылшы-кеңесшісі болып саналады. Ол өзіне қатысты сынып оқушылар ұжымын ұйымдастыра отырып, осыған сол сыныпта дәріс беретін пән мұғалімдерін, оқушылардың ата-аналарын және жұртшылықтың бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіріп, олардың балаға деген талаптарын ортақтастырып отырады. Олай болса, отбасы мектеппен бірге тәрбиелік ортаның тұтастай негізгі ықпал ету факторларын жасайды. Сондықтан да педагогикалық әрекетте мектептің жалпы міндеттерінің көлемінің тым кеңдігіне қарамастан, ата-аналармен жұмыстың маңызы ерекше. Қазіргі мектепте жағдай көптеп өзгеруде, оқу және тәрбие процесінің құрылымы мен мазмұны, соған сай мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары, олардың өзара қарым – қатынасы, сабақтың ұйымдастыру формалары мен өткізу технологиясы, көптеген оқу пәндерін оқытудағы жаңа көзқарас, сонымен қатар сыныптан тыс тәрбие жұмысы. Мектепті басқару ісі біртіндеп демократиялық бағытты ұстануда. Яғни, педагогикалық әрекеттегі үшбұрыш – мұғалім – оқушы – ата-анаға қатысты жағдай да жаңа демократиялық қарым - қатынасқа ие болуда.

Сынып жетекшілер ата – аналарға қандай жауапты жұмыс атқаратындарын түсіндіру үшін оларға жақсы ата – аналар ережесін оқытқызу керек: ата – аналар

баламен неғұрлым уақыт көп өткізсе, соғұрлым баланың өскен кезде ата – аналармен бірге болу мүмкіндігі зор. Баламен қарым – қатынаста ата – аналар жазалауды аз қолданса, онда ата – ананың кәрілік шағы тыныш болмақ. Ата – аналар бала тәрбиесінде ескертулерді жасаса, онда жасы жеткен ата – аналарға да ескертулер баласының тарапынан көп жасалмақ. Ата – аналар балаларына көбіне шыдамдылық танытса, соншалықты балалар да ата – аналарына есейген шағында шыдамды болмақ. Балаға көрсетілген дөрекілік, ата – ананың өзіне қайтып келеді. Ата – аналар балаларын отбасының маңызды мәселелерін талқылауға көбірек тартса, соншалықты ата – аналар ер жеткен баланың өмірінде болып жатқан өзгерістерден хабардар болмақ. Бала болғанын қалайтын ата – аналар қандай бала тәрбиелегісі келетінін ғана анықтап ғана қоймай, өз кәрілік шағын қалай елестететіндерін анықтап алу керек [3].

Ата-аналар балаларды тәрбиелеу ісінде мектеппен қарым – қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі тиіс, өйткені, олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері сынып, мектеп ұжымдарының оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Бұл жағдай оқу-тәрбие процесінің мазмұнын, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін отбасы мен мектептің ынтымақтасып жұмыс істеулерін қажет етеді.

Мектептің ата-аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі осы екі жақтың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен сынып жетекшісі қамтамасыз етеді. Ол мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыруда жетекші қызмет атқарады. Мектептің баланы тәрбиелеуге қатысты саясатын отбасының түсінуі, соның жұмысына байланысты. Мұндай жағдайда отбасыны негізгі тапсырыс беруші және баланы тәрбиелеуде мектеппен одақтас ретінде қарастырған жөн. Сондықтан да сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысының негізіне мектеп пен ата-аналар және балалардың өзара қарым-қатынасы мен әрекетінде бірлікке, ынтымақтастыққа қол жеткізу, ол үшін баланың дамуына жағымды көңіл-күй мен жағдай жасау. Оны нәтижелі шешу мүмкіндігі, егерде тәрбие жұмысының негізінде сол ынтымақтастық әрекет орын алған жағдайда ғана болады. Ол үшін өзара сенім мен құрмет, өзара көмек пен қолдау, бір-біріне шыдамдылық көрсету ынтымақтастықтың негізіне айналуы тиіс. Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде «ата-аналарды тәрбиелеу» деген ұғым пайда болуда. Ондағы көзделген мақсат ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық кеңес, оқуды ұйымдастыру, соған сәйкес олардың педагогикалық білімдерін жетілдіріп отыруды көздейді. Ғалымдардың айтуынша, әр елде, сонымен қатар отандық педагогикада жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сай, ата-аналар балаларын тәрбиелеу барысында айтулы қиыншылықтарға кездеседі. Сондықтан да олар мұғалімдердің ақыл-кеңестерін, практикалық көмектерін аса қажет етеді. Олардың ұйымдастыруындағы ақыл-кеңес тек отбасы жағдайы сәтсіз ата-аналарға ғана қажет емес, сонымен бірге отбасы тәрбиелі ата-аналарға да керек. Себебі, қоғамның қарқынды дамуы осы бағытта жаңа талаптар қояда. Сондықтан, ата-аналарға бала тәрбиесінде, біріншіден, педагогикалық білімдерді жинақтауға, екіншіден, олардың өздерінің тәрбиелі және дамуын міндеттейді. Егерде мектеп пен ата-аналардың тәрбиешілік өзара әрекетін бірлікте ұйымдастырса, бұл шешімін табатын міндеттер. Ол мектеп тәжірибесінде мұғалімдердің ата-аналармен кездесуін, ата-аналар жиналысын ұйымдастыру, ата-аналар комитетін құру, ата-аналар белсенділерімен жұмыс істеу, ата-аналар үшін әңгімелер мен дәрістер ұйымдастыру, конференция өткізу секілді жұмыстар барысында атқарылады. Шынында тәртіп болмаған жерде балаға еш нәрсені айтып түсіндіруге де, жұмыс істеуге де, одан тиянақты нәтиже шығаруға да мүмкіндік болмайды. Сондықтан оқушыларды саналы тәртіпке тәрбиелеу бүгінгі мектеп тәжірибесінің ең негізгі түйінді мәселелерінің бірі болып табылады. Өйткені, саналы тәртіп – ұйымшылдықтың, іскерліктің, ілтипаттылықтың, сыйластықтың, өнегеліліктің

ұйтқысы. Кейбір ата-ана өз балаларының сыныпта атқарып жүрген қоғамдық жұмыстарына барынша қолдау көрсетеді. Мысалы, баласы спорттық шараға, мәдени жорыққа жауапкер болса, оның ата-анасы да өз мүмкіндігінше баласына қолдау көрсетіп, оған қажетті материалдарды табуға көмектесіп отырады. Мұндай ата-аналарды сынып өміріне араластырып отыру да сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысына жатады. Сонымен бірге сынып жетекшісі бұл бағытта ата-аналардың жалпы мектеп көлеміндегі және аумағындағы қоғамдық ұйымдарымен де мектепке қатысты жалпы мәселелерді ортақтаса шешуде бірлесе жұмыс жүргізеді (ата-аналар комитеті, кеңесі, құқық қорғау мекемелері т.б.) [4].

Қорыта айтқанда, ата-аналардың өз балаларының жан дүниесін жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыру үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыруы қажеттілігін өздері түсінуі тиіс. Сол үшін де мектептің, сынып жетекшісінің ата-аналармен педагогикалық жұмыс жүргізуі, оның бағытын дұрыс ұйымдастырып отыруы міндеттелінеді. Балаларды саналы, сергек етіп тәрбиелеу – отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден – бір парызы, асыл мұраты. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя болса, сол отбасындағы баланың бас ұстазы – ата-ана. Береке – бірлігі мол үлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды, болашақ өркениетке қосар үлесі бар. Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оқу жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одақтасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы тәлім – тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған құрбы-достарымен, олардың күнделікті іс – әрекетімен, сөйлеген сөзі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып ұалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ол үшін отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Ал, тәрбие қоғамдық құбылыс болғандықтан, оны қоғам талаптарынан тыс ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл тұста үштік одақ: мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер жұмысындағы өзара сабақтастық және ынтымақтастық өз үйлесімін табуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»
2. Ахметова Г.К., Исаева З.Ә., Әлқожаева Н.С. Педагогика: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 220 – б. 128.
3. Жүндібаева Т.Н. Отбасы педагогикасы: Оқулық./ Т.Н. Жүндібаева-Алматы: «Экономика» баспасы ЖШС, 2014.- 312-б.
4. Шалғымбекова Ә.Б. Мектеп және отбасының өзара әрекеттестігінің теориясы мен практикасы: педагогикалық мамандықтағы студенттеріне арналған оқу құралы. – Қостанай ҚМИ баспасы, 2011 – 146 б.

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА ЭТНОКУЛЬТУРНОМ МАТЕРИАЛЕ

Швец Надежда Александровна
учитель начальных классов
Костенко Людмила Васильевна
учитель начальных классов
С.Ш. № 23 им. М. Козыбаева,
г. Костанай